



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орда тарихындағы ислам

Мақсаты:

Алтын Орда мемлекетінде ислам дінінің таралупроцесін, оның мемлекеттік идеологияға айналу жолдарын және қоғамның саяси, мәдени өмірінетигізген әсерін анықтау.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Алтын Орда аумағында ислам дінінің таралу кезеңдерін сипаттау;
- Исламды мемлекеттік дін ретінде енгізген билеушілердің саясатын түсіндіру;
- Исламның қоғамдық өмір мен мәдениетке ықпалын талдау;
- Ислам өркениетінің Алтын Орда мәдениетінде атқарған рөлін бағалау.



The background is a faded, historical-style illustration. It depicts several figures in traditional Central Asian or Islamic attire. A central figure wears a red robe and a golden crown. To the right, another figure is seen in profile, wearing a white turban and a patterned robe. The scene is set against a backdrop of blue and white floral patterns, possibly representing a tent or a palace interior. A dark red semi-transparent box with rounded corners is overlaid on the center, containing the title text.


Исламның Алтын Орда аймағына енуі

Х ғасырдан бастап Еділ бойы мен Дешті Қыпшақ аймағына ислам толқыны келе бастады. Бұл процестің негізгі жолдары – Еділ Бұлғариясы және Хорезм.

Алтын Орда құрылған XIII ғасыр басында аймақта әртүрлі діни жүйелер қатар өмір сүрді:

- **шаманизм,**
- **буддизм,**
- **несториандық христиандық.**

Батый хан исламға біржақты қолдау көрсетпесе де, мұсылман саудагерлер мен ғалымдарға өте қолайлы жағдай жасады. Бұл ислам мәдениетінің тамыр жаюына ерте негіз болды.




Берке хан және исламның саяси күшке айналуы

Алғаш исламды ресми қабылдаған – Берке хан (1257–1266).

Оның исламға көшуі – тек рухани шешім емес, геосаяси стратегия болды.

Беркенің саясаты:

- мешіттер мен медреселер салдыру;
- мұсылман ғұламаларын шақыру;
- Мысыр мәмлүктерімен одақ орнату;
- Хулагу әулетімен соғыста ислам әлемін қорғау идеясын қолдану.



ИСЛАМНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯҒА АЙНАЛУЫ (ӨЗБЕК ХАН ДӘУІРІ)

Нағыз бетбұрыс – Өзбек хан (1312–1342) билігі.
Ол исламды ресми мемлекеттік дін деп жариялап, басқару жүйесін шариғат негізінде реттеді.

Бұл кезеңдегі өзгерістер:

- қазы, имам, муфти сияқты діни лауазымдардың ресми енгізілуі;
- салық, сауда, қоғамдық қатынастардың шариғатпен реттелуі;
- Сарай қаласында ірі мешіттер мен медреселердің салынуы;
- діни элитаның мемлекет ісіне тікелей араласуы



Исламның қоғам мен мәдениетке ықпалы



Ислам Алтын Ордада рухани бірігу мен мәдени өрлеудің қозғаушы күшіне айналды.

Қоғамдық деңгейдегі ықпал:

- құқықтық жүйеде шариғат нормалары үстем болды;**
- медреселер арқылы білім беру құрылымы жаңартылды;**
- араб-парсы ғылыми дәстүрі түркі даласына енді;**
- түркі тілі Құран тілімен қатар мәдени-білім беру тіліне айналды.**